

**Бас тарту режимінде мемлекеттің пайдасына тәркіленген және ресімделген этил спирті мен алкоголь өнімін пайдаланудың, қайта өңдеудің немесе жоюдың тәртібін бекіту тәртібі**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1336. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 717 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.11.2016 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Бас тарту режимінде мемлекеттің пайдасына тәркіленген және ресімделген этил спирті мен алкоголь өнімін пайдаланудың, қайта өңдеудің немесе жоюдың тәртібін бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1998 жылғы  
8 қыркүйектегі N 1336

қаулысымен бекітілген

**Бас тарту режимінде мемлекеттің пайдасына тәркіленген және ресімделген этил спирті мен алкоголь өнімін пайдаланудың, қайта өңдеудің немесе жоюдың тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Тәртіп:

сот тәртібімен тәркіленген;

кеден заңдарына сәйкес бас тарту режимінде мемлекеттің пайдасына ресімделген этил спирті мен алкоголь өнімін пайдаланудың, қайта өңдеудің немесе жоюдың жөнін белгілейді.

3. Заңдарға сәйкес пайдаланылуына шектеу қойылған этил спирті мен алкоголь өнімінің одан арғы тағдыры туралы сот шешім қабылдағанға дейін олар заңдарға сәйкес сақтау үшін мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорынға беріледі.

4. Бас тартуы Тауарлардан мемлекеттің пайдасына кеден режимінде тәркіленген және ресімделген этил спирті мен алкоголь өнімін қабылдауға, тасымалдауға, сақтауға және сатуға, сондай-ақ акциз алымы маркаларымен таңбалауға байланысты шығыстарды өтеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

2. Этил спиртіні қайта өңдеудің және пайдаланудың тәртібі

5. Мемлекеттің пайдасына кеден режимінде бас тартылып тәркіленген және ресімделген:

1) этил спирті алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органның шешімі бойынша бөлінген квоталардың шегінде мемлекеттік фармацевтика және медицина ұйымдары қызметтің белгіленген түріне арналған лицензияларын көрсетуі кезінде оларға, сондай-ақ техникалық мақсаттарда пайдалану үшін Қорғаныс министрлігіне тегін беріледі.

Мемлекеттің пайдасына тауарлардан кеден режимінде бас тартылып тәркіленген және ресімделген этил спиртінің көлемі мемлекеттік фармацевтикалық және медициналық ұйымдары мен Қорғаныс министрлігінің мұқтаждықтарынан асып кеткен жағдайда этил спиртінің қалған бөлігі жойылуға жатады.

2) заңдарды бұзусыз өндірілген алкоголь өнімі аукциондарда сату үшін мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорынға беріледі.

Алкоголь өнімін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің алкоголь өнімінің осы түрі үшін белгілеген төмен емес бағасында жүргізіледі. Алкоголь өнімін аукциондарда сатудан алынған қаражат республикалық бюджетке есептелуге жатады. Сату барысында шеккен шығындар республикалық бюджеттің есебінен жабылады.

3) ГОСТ-тың талаптарына сәйкес келмейтін және нормативтік-техникалық құжаттаманы бұза отырып өндірілген этил спирті мен алкоголь өнімі жойылуға жатады.

6. Уәкілетті органның шешімі бойынша мақсаты бойынша тұтынуға (қолдануға) жарамсыз этил спирті нормативтік құжаттардың талаптарымен сәйкестікке келтіргенге дейін қайта өңделуі мүмкін.

7. Этил спиртіні қайта өңдеуге тек этил спиртіні өндіру құқығына лицензиясы бар отандық зауыттарға ғана рұқсат етіледі. Қайта өңдеу жөніндегі операциялар

республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

8. Уәкілетті орган заңдарға сәйкес спиртті өңдеуге тілек білдіргендердің арасынан спиртті қайта өңдеу жөніндегі спирт зауытын айқындайды. Егер бірде-бір зауыт қайта өңдеуге тілек білдірмеген жағдайда, спирт жойылады.

9. Қайта өңделген өнімді одан әрі пайдалану тек стандарттау және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган тіркеген лабораторияда сынақтарды жүргізудің оң нәтижелері кезінде ғана мүмкін.

3. Этил спирті мен алкоголь өнімін жоюдың тәртібі

10. Бақытсыз жағдайларды және өнімнің мүмкін ұрлануын болдырмау мақсатында этил спирті мен алкоголь өнімін жоюдың алдында мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорын денатурациялау\* бойынша операциялар жүргізеді.

\* Денатурациялау - этил спирті мен алкоголь өнімін тағамдық мақсатта пайдалануға жарамсыз күйге келтіру.

11. Жою нәтижесінде тауар толық жойылатын термикалық, химиялық, механикалық не өзге әсер ету (жағу, бұзу, көму және басқалары) жолымен жүргізіледі.

12. Этил спирті мен алкоголь өнімін жою үшін аумақтық салық комитеті төрағасының бұйрығымен өнімді жою жұмысының мерзімдерін көрсете отырып оны жою жөніндегі комиссия құрылады.

13. Өнімді жою жөніндегі комиссияға салық қызметінің қызметкерлері, мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорынның мамандары кіреді.

14. Комиссия жою актісін жасайды, онда актіні жасаудың күні мен орны, жойылуға жататын өнімнің атауы мен саны; жоюдың тәсілі, негізінде жою жүргізілетін құжаттың атауы мен нөмірі, жоюдың уақыты мен орны; комиссия мүшелерінің аты-жөні және лауазымдары көрсетіледі. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Комиссия мүшелерінің қайсыбірінің қолы болмаған жағдайда, актіге себебі негізделген анықтама қоса беріледі.